

ОЙЫЛДЫҢ АЖАРЫ - АУДАННЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Биылғы жылы Аудан орталығында 6 көше асфальтталды. Оны көпшілікпен бірге көзіміз де көрді, көңіліміз де тойды. Одан бөлек, селоны көркейту жұмыстары да тоқтамады. Ойыл селолық округтің әкімі Сәндібек Дәулетқалиев көптеген игі істерге ұйытқы болып келеді. Селолық округтің санитарлық тазалығы және абаттандыру бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстар жетерлік.



«Ауылына қарап, азаматын таны» демекші, алдымен ауданның қала жақтан кіреберіс маңдайшасы жасалды. Алтын түсте жасалып, жерлесіміз, ақын Жолдыбай Айтқұловтың «Ойы-

тық қалдықтарды салуға арналған 10 дана жаңа үлгідегі қоқыс салу жөшіктері қойылды. Тағы бір айта кетерлігі, «Ұлы Жеңістің 75 жылдығына» орай Ұлы Отан соғысы ардагер-

қашалды. Жаңадан өрнектастар төселіп, жарық шамдары қойылды. Осы секілді ақ тарының атасы Шығанақ Берсиевтің ескерткішіне қоршау салынды. Демек, бұл атқарылған іс «Бабалар рухына тағзым еткен ел» болғанымыздың жарқын көрінісі іспетті. Расында ұлы тұлғаларын ұлықтау ұрпақ міндеті емес пе еді? Сондықтан болар, Сәндібектің атқарған жұмыстары аудан жұртшылығын сүйсіндіріп отыр. Себебі ауданның «Құрметті азаматы» атағын иеленген, еңбегімен ел есінде сақталған 29 азаматтың суреттері бағаналардың жоғары жағына жарық беретін тақтайшаларға ілінді. Сәндібек Тоқсанбайұлының іскерлігінің арқасында жасалған жұмыстар мұнымен шектелмеді. Шернияз көшесінің бойына лэд жарық шамды бағаналар орнатылды. Жаңадан құрылыс салып жатқан ауданның жоғары жағындағы көшелерге жарық шамдарын көбейтуді жуық арада қолға алмақ. Көшелерді абаттандыру мақсатында Көкжар, Шернияз, Абай көшелерінің бойына 12 түп шырша, 50 түп қарағай көшеттері отырғызылды. Жолмырзаев көшесіндегі №42 екі



лым менің, ойдағы елім» - деген өлең жолдары жазылған кіреберіс маңдайшасы сырт көздің жауын алады. Сонымен қатар, кешкілік уақытта қарағанда көзге оттай басылатын жол үстіндегі кермелер көшелерге ерекше сән беріп тұр. Ал, селоның кіндігіне айналған «Көкжар» көшесіндегі «лэд экран» көшелердің сәнін одан сайын аша түскендей. Село өкімінің айтуынша, мұны қоюдағы басты мақсат - қаражатқа үнемдеудің заманауи тәсілі-мыс. Себебі көшелерге ілінген баннерлер күнге тозып, оны үнемі жаңартып отырудың өзі қомақты қаражатқа келіп тіреледі. Қазіргі таңда лэд экраннан аудандағы мекемелердің атқарылған жұмыстары мен жарнамалар көрсетіліп тұрады. Сондай-ақ, көшелерге жоғары сапалы, заманауи бейнебақылау камералары орнатылып, шыны, пластик сынды тұрмыс-

лерінің ескерткіш алаңы жаңартылды. Бұрын қаңылтырға жазылған майдангерлердің есімдері гранит тастарға



Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

«ЕҢБЕК ДАНҚЫ» МЕДАЛЫ КЕУДЕСІНДЕ ЖАРҚЫРАП ТҰР!

Ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алу үшін егінді баптау, суару жұмыстарымен қатар зиянкестерден қорғау да қордалы мәселе екенін айтпай кетуге болмайды. Өйткені, көктем келіп, күннің жылуы ауыл шаруашылығы зиянкестерінің өсіп-өнуіне жағдай туғызып, жерге дән сепкен ердің еңбегін зият етіріп өбден мүмкін.

Сондықтан, дәл осы өсімдіктерді зиянкестерден қорғау саласында ұзақ жылдар еңбек еткен, есімі елге таныс жандардың бірі - Сәуірбай Ұлықпанов. Жерге себілген ер дәннің бітік шығып, мол өнім беруі үшін қауіпті зиянкестермен күресті. Ұлы химикаттардың арасында жүріп, бау-бақшалар мен егістікті зиянкестерден қорғау арқылы өнімнің мол түсуіне өзіндік үлесін қосқан да осы жан. Өмір жолында ауыл шаруашылығы саласына қосқан өзіндік үлесі зор. 1974 жылы Саратов ауыл шаруашылығы институтын агроном мамандығы бойынша бітірген. Мамандығын жақсы меңгерген Сәуірбай ағамыз алдымен аудандағы көсіби мамандарды даярлайтын көсіпті училищеде агроном негіздері бойынша ұстаздық қызмет етті. Кейін ауыл шаруашылығы басқармасында

аға агроном, Ойыл совхозында бас агроном, Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының Ойыл аудандық филиалында өсімдіктерді қорғау саласында ұзақ жылдар басшылық қызмет атқарды. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін өсімдіктерді қорғау саласында керуен тартқан ұзақ жолға биік ұстанымының арқасында бойындағы бар қажыр-қайратын жұмсады. Сәуірбай ағайдың ауыл шаруашылығы саласының дамуына құлшына ұмтылыспен өзіндік үлесін қосып, сол кездегі замандастарының алдығы ләгінен көрініп, абыройлы қызмет еткенін замандастары жақсы біледі. Оның жұмысына аса жауапкершілікпен қарайтынын жан-жағына өте жанашыр жан екенін сұхбаттасу кезінде-ақ аңғардым. Сәуірбай ағаның сөзі салмақты, ісіне мығым, істің адамы екенін ер сөзінен байқауға болады. Өсімдікті қорғау біздің, яғни жалпы адамзаттың басты міндеті деп санаған Сәуірбай ағамыз біраз жетістіктерге қол жеткізіпті. Ауданда атқарған жұмыстары аудандық, облыстық басылымдарда жарық көріп, кітаптарға да енді. Оның көптеген марапаттарының біріне тоқталсақ, жуырда ғана



бірінші дәрежелі «Еңбек данқы» медаліне ие болды. Қазіргі таңда өткен өмірі өнегеге толы Сәуірбай ағай ұстаздық жолында өзіндік қолтаңбасы бар Қарашаш Сұқашева апаймен 2 қыз, 2 ұл тәрбиелеп өсірген. Ұл мен қыздан өрбіген он төрт немересі бар. Қыздары ана жолын қуып, ұстаздық етсе, ұлдары шаруаларын дегелетіп отырған кәсіпкер.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ BLOCKCHAIN ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ КӨМЕТІМЕН КӨРСЕТЕ БАСТАДЫ

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ BLOCKCHAIN ТЕХНОЛОГИЯСЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ҮРДСІНЕ АЛҒАШҚЫ БОЛЫП ЕНГІЗДІ. ӨЗІРШЕ БҰЛ ТЕХНОЛОГИЯ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК КЕПІЛ ШАРТЫН ТІРКЕУ БОЙЫНША ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА КӨРСЕТІЛІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛА БАСТАДЫ. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА БҰЛ ТӘЖІРИБЕ БАСҚА ДА КЕҢ ТАРАЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ЕНГІЗІЛУІ ҮЙКІМІМ.

Блоктардың техникалық реттелген тізбегі түріндегі Blockchain жүйесі жеке мәліметтерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігінен сақтап, ақпараттық қауіпсіздік пен сапалы қызметті қамтамасыз етеді.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрайымы Әсемгүл Балташеваның айтуынша, Blockchain технологиясы кепіл шартын тіркеу үрдісін барынша оңтайландыруға жол ашты. «Бұған дейін қызмет алушылар мұлік кепіл шартын тіркеу үшін бірнеше мекемені аралауға мәжбүр болатын. Мәселен, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу туралы анықтаманы алу үшін ХҚО-ға немесе egov.kz порталына жүгініп, сосын оны банкке апаратын. Енді банк қызметкері өтінім жасағанда қызмет алушының жылжымайтын мүлікке құқықтары және ауыртпалықтардың бар-жоғы туралы мәліметтер автоматты түрде тексеріледі. Енді адамдар емес, мәліметтер сіз үшін «жүгіретін» болды», – дейді Балташева.

Blockchain технологиясын қолдану арқылы аталған қызметті көрсету мерзімі үш күннен бір күнге дейін қысқарып, банкке ұсынылатын құжат-тар тізімі де азайды.

Енді қызмет алушы банктің ақпараттық жүйесінде мұлік шартымен танысып, өзінің ЭЦҚ-сы арқылы қол қояды, ал қызметтің нәтижесі – жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама қызмет алушының egov.kz электрондық порталындағы жеке кабинетіне жолданады.

Blockchain технологиясын таңдау барысында желі қолданушыларының өрекеттерінің айқындығы, децентрализация және сенімді қорғаныс жүйесі есепке алынды.

Қазақстанда кепіл шартын тіркеу бойынша мемлекеттік қызметті осындай әдіспен көрсету үрдісі коммерциялық банктің бірімен жүзеге асуда.

«Азаматтарға арналған үкімет» басқа да екінші деңгейлі бантермен осы бағытта қызмет көрсету туралы келіссөздер жүргізіп жатыр. Себебі Blockchain технологиясы екіжақты келісім жасасу кезінде үшінші тұлғаларды кірістірмей, қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, жылжымайтын мүлік кепілімен берілетін несиені онлайн ресімдеу және несие беру мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

Сәуле ХАМИДОЛЛА,
«Азаматтарға арналған үкімет» Ақтөбе облысы бойынша филиалының баспасөз қызметкері.

Саунау-2021

«Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының сайлау қорына түскен қаражат туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Ақтөбе облыстық филиалының 30.11.2020 жылғы №23-01-12386 санды хатына сәйкес **2020 жылдың 27 қарашасына** «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының сайлау қорына 7 000 000 (жеті миллион) теңге қаражат түскенін хабарлайды.

СООБЩЕНИЕ

Уилской районной территориальной избирательной комиссии о поступивших суммах на избирательный фонд Уилского районного филиала партии «Nur Otan»

Уилская районная территориальная избирательная комиссия согласно письму Актюбинского областного филиала АО « Народный Банк Казахстана» за №23-01-12386 от 30.11.2020 года сообщает что, на **27.11.2020 года** на избирательный фонд Уилского районного филиала партии «Nur Otan» поступило 7 000 000 (семь миллионов) тенге.

Саунау-2021

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАР ҮШІН
ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН
БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

№	Ауылдық округтің атауы	Көзdesу үшін белгіленген орындар
1	Ойыл	Ойыл ауылы Шернияз көшесі №36, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы мәдениет және демалыс орталығы
2		Екпетау ауылы Екпетау мектеп бала бақшасы, Қыдырбаев Хайролла көшесі № 13
3		Ақшатау ауылдық клубы, Жастар көшесі № 13
4		Қаракемер ауылы Қаракемер ауылдық клубы, Достық көшесі №3
5	Ш.Берсиев	Қаратал ауылы Берсиев ауылдық клубы, Ш.Берсиев көшесі №21
6		Құмжарған ауылы Құмжарған ауылдық клубы, Республика көшесі №23
7		Қарасу ауылы, Құрманов бастауыш мектебі, Алашорда көшесі № 2
8	Коптоғай	Коптоғай ауылы Коптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18
9		Амангелді ауылы Амангелді ауылдық клубы, Астана көшесі №16
10		Қарасу ауылы Қарасу ауылдық клубы, Алашорда көшесі №7
11		Шұбарши ауылы Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №19
12	Қараой	Қараой ауылы Қараой мектеп бала бақшасы, Жасқайрат көшесі №26
13		Құбасай ауылы Құбасай бастауыш мектебі, Қызылқорған көшесі №7
14	Сарбие	Сарбие ауылы Сапақкөл ауылдық клубы, Жастар көшесі №13
15		Қаракөл ауылы Қаракөл негізгі мектебі, Абай көшесі № 10
16	Саралжын	Саралжын ауылы, Ө.Дербісалин ат. Саралжын орта мектебі, Кеңес көшесі № 2
17		Ақкемер ауылы Жамбыл мектеп бала бақшасы, Жеткіншек көшесі №7
18		Бестамақ ауылы Тайсойған негізгі мектебі, Аялберген көшесі №1
19		Шикүдық ауылы Шикүдық ауылдық клубы, Мектеп көшесі №18
20		Қоңырат ауылы Фельдшерлік амбулаторлық пункт, Ойыл көшесі №1
21	Қайынды	Ақжар ауылы Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8
22		Көсембай ауылы Көсембай ауылдық клубы, Орталық көшесі №10

Ойыл ауданы әкімдігі

Газетке жазылу - 2021

Аудандық “Ойыл” газетіне “Қазпочта АҚ” арқылы
2021 жылдың I жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: **2-19-02, 2-11-07 (Редакция)**
2-19-98 (Қазпочта АҚ)

ҒАСЫРЛАРДАН ҮНІ ЕСТІЛГЕН БАБАТАЙДЫҢ САЛҚАМ СЕРІСІ

«Мешін жылы Бабатайда туғалы Біздің бастан біраз өмір зуады» - деп жырлаған Бабатайдың әр ақыны, қазіргі таңда «Ақтөбе» газетінің бас редакторының орынбасары Ертай Ашықбаев, тарихқа бойласақ, дала ойшылы атанған Жиеналы хазірет, көң тынысты, зор дауысты өнші, сазгер, өнерпаз, палуан, Қызыл Тұрдалыұлы, көшегі кеңестік заманда ірі ескери округте штаб бастығы, генерал-лейтенант Жансен Кереев өмірге келген Бабатай елі ғасырда бір дарынды, талантты ұрпағын сыйлайтындай. Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру бағытында өлке тарихын жинақтап, зерттеп, зерделеу мақсатында Ойыл аудандық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесі «Тұлғалар мекені» жобасын жариялап, ауданға қарасты елді мекендерге өз өлкесінен шыққан тарихи тұлғаларды белгілеп бөліп берген еді. Біздің өншімізге Бабатайда дүниеге келген өнші Қызыл Тұрдалыұлы бабамыз тиді. Осы жоба аясында тоқсандық жоспар құрылып, өртүрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Артықша туған азамат, халыққа үлкен бел болар» - демекші, аласапыран кезеңде өмірге келіп өмірі мен өнері аңызға айналған Қызыл өншінің азаматтық тұлғасы мен дарынын, шығармаларын оқушыларға танытуда «Өнерпаз Қызыл Тұрдалыұлы кім

еді?! - деген топтық жұмысын өткізуден бастадым. Кезінде тоғыз жолдың торабы болған Көкжар жәрмеңкесі Қызыл Тұрдалыұлының дарыны мен бағын ашып, атақты болуына себепші болған. «Көкжар жәрмеңкесінің Көкжал серісі атанған» өнерпаз-сері, өнші, ақын, палуан, әрі ат құлағында ойнайтын шабандоз болған Қызыл Тұрдалыұлының өмірі дау- дамайға шиеленіске толы болғанмен, Алланың берген дарындылығы мен өнері оны биік дәрежеге көтеріп, халық жадында мәңгі қалдырды. Ел аралап, жәрмеңкелерде өн салып, өнер көрсетіп, сайысқа түсіп жүлде алып өншілік өнерімен көпшілікке танымал болған өнерпаздың азаматтық тұлғасы да қатарларынан озық болған. Тапқанын жол-жөнекей таратып, ауылдағыларға үлестіріп беретін мырзалығы, қиналғанға жан ұшыра қолын созатын бауырмалдығы, еліне сөзі мен қолы тиген жанға атойлап шабатындығы, мал жинамай, өнерімен халқын сусындатқан азаматтың өмірі нағыз сал-серіге тән формула емес пе?! Қызылдың «Сары ирек», «Қамшыгер», «Қоғажай», «Жаңғақ», «Ой, көк» өндерін халық сүйіп тыңдаған, керемет дауысын, өншілік шеберлігін жоғары бағалаған, құрмет көрсеткен. Өндерінің өмірге келуінің өзі белгілі бір оқиғаға, өмірдегі қилы тағдырларды айқыштай отырып, тәттісін де, ащысын да айта білген. Атақты композитор, өнші Мұхит Мералыұлын өзіне

ұзтаз тұтып, пір тұтқан. Осындай арда туған арқалы азаматтың өмірі қазақ қоғамындағы ашаршылық кезеңге дәл келіп, өмірден өтіп кеткеніне қынжыласың. Қазақ еліне келген бұл наубет жөнінде: Қайыңды, Бабатай мен Кенжалым-ай, Қырылды ішер асқа ел жарымай. Талай үй құлыптаулы қараң қалды, Аштықтың түскеннен соң шеңгеліне-ай! – деп, ел басына төнген ашаршылық жайын күңірене айтқан шумақтары қалды.

Бұған дейін Илья Жақановтың «Қызыл өнші», Әбдіқани Аймағамбетовтің «Алаштан өн оздырған ақын Қызыл», Еркін Құрманбектің «Көкжардың көкжал серісі» атты мақалалары жарық көрген. Және айтыскер ақын Нұрлыбек Қалауовтың «Ғасырдан асып жеткен өн» Қызыл Тұрдалыұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кітабы жарық көрген. Өнерпаз туралы айтылған, жазылған материалдарды жинақтай отырып, оқушыларға, оқырман қауымға арналып «Қызыл Тұрдалыұлы» ұсыныстық көрсеткіш, «Қызыл өнші» библиографиялық көрсеткіш Нұрлыбек Қалауовтың «Ғасырдан асып жеткен өн» кітабына бір кітаптың беташары сюжетті қойылым, «Көкжардың көкжал серісі» атты дайдыжест көрме және бабаны жатқан жеріне Бабатай еліне саяхат және осы жұмыстардың қорытындысы есебінде аудандық газетке



мақала беру жоспарланған. Жоспарға сәйкес, Бабатай елді мекеніне біз естімеген тың материалдар болса деп және оқушыларға өншінің туған жері мен жатқан жерін таныстыру мақсатында барып қайттық.

Осындай ардақты, арқалы ерлерін өмірге әкелген Бабатай елі, жері, жанға жайлы, малға шөбі шүйгін, халқы көпшіл, қонақжай, ымырашылдықпен келісken аяулы мекен екенін ауылдың сырт келбеті айқындап тұрғандай. Жетпіске тарта түтіні бар, 9 жылдық негізгі мектебі, мешіті, ауылдық өкімдігі, Жиеналы хазіртке арналған түнек жайы бар ауылдың шаруашылық жағдайлары да көрген көзге мақтанарлықтай. Әр үйдің қора-қолсыға жиган мал азығынан қазақтың

төрт түлігін жиган, несібесі мен берекесін төрт түліктен айырған еңбекшіл халық екенін ұғынасың. Мектеп директоры Нұртас Нұрғазин жылы қабақпен қарсы алып, мектеп ішін, сыртқы жұмыстарымен таныстырып, ауыл шетіндегі Жиеналы хазіртке арналған түнеқжай жайында мақтана айтып, ауылдың қазіргі ахуалымен таныстырды. Өкінішке орай, Қызыл ақын туралы жыр ғып айтып, өншінің бүгінгі танылуына бірден-бір себепкері болған Амангелді Жоланов атамыздың қазіргі таңда қалада тұратынын білдік. Мектеп басшысы қасымызға бір адамын беріп, өнерпаздың басына барып құран оқып, бет сипап, көңіліміз бірленіп аулымызға қайттық.

«Елінде жақсы жігіттің, алыста даңқы зор болар» - деп Шал ақын айтақшы, туғанына 160 жыл болған өнерпаз бабамыздың өмірі мен өнері бүгінгі күнге жетуді жұлдызды шоқтығының биік екені, талантының үстем болуы тағы бір дәлелденгендей.

«Жалпақ жұртыңды, ісі алашыңды құрметтеу алдымен өзің тұрған өлкенің тарихын, табиғатын танаудан, адамдарын ардақтаудан басталады», - деп Елбасымыз айтқандай, сонау тарих қойнауында сыр болып жатқан тарихи тұлғаларымызды бүгінгі ұрпаққа таныту, насихаттау кітапхана саласы қызметкерлерінің бірден-бір міндеті деп ойлаймын.

Бұлбұл ҚАЛИЕВА,
Көсембай негізгі мектебінің кітапханашысы.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ ҚАУЛЫСЫ

2020 жылғы 4 желтоқсандағы №65

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 57 қаулысының 8-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«серіктесінде нәтижесі берілген күннен бастап 3 тәуліктен аспаған ПТР өдісімен COVID-19-ға тестінің теріс нәтижесі бар анықтама болған жағдайда серіктес босанды жүргізуге рұқсат беруді»;

2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерінде коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 59 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасына шетелден авиарейстермен келетін адамдарға қатысты іс-шараларды мынадай тәртіппен жүргізуді қамтамасыз етсін:

ертіп жүретін адамдарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтте нәтижесі берілген күннен бастап 3 тәуліктен аспайтын ПТР өдісімен COVID-19-ға тестінің теріс нәтижесі бар анықтама (бұдан өрі – Анықтама) болған кезде 5 жасқа дейінгі балаларды, Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; авиакомпаниялар экипаждарын қоспағанда, барлық келген адамдар Анықтама ұсынуға міндетті»;

Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; авиакомпаниялар экипаждарын қоспағанда, Қазақстан Республикасына шетелден **халықаралық жолаушылар** авиарейстерімен келген адамдарға қатысты шектеу шаралары осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жүргізіледі; халықаралық транзитпен жүретін жолаушылар транзиттік аймақтан шықпайды және соңғы межелі пунктте шектеу шараларын жүргізуге жатады;

2) Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен теміржол, теңіз, өзен көлігінде және автоөтпе жолдарында келетін адамдарға қатысты іс-шараларды мынадай тәртіппен жүргізуді қамтамасыз етсін:

ертіп жүретін адамдарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтте нәтижесі берілген күннен бастап 3 тәуліктен аспайтын ПТР өдісімен COVID-19-ға тестінің теріс нәтижесі бар анықтама (бұдан өрі – Анықтама) болған кезде 5 жасқа дейінгі балаларды; Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; локомotive бригадаларының мүшелерін; теміржол, теңіз және өзен көлігіндегі тасымалдау қызметімен байланысты адамдарды қоспағанда, барлық келген адамдар Анықтама ұсынуға міндетті;

Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; локомotive бригадаларының мүшелерін; теміржол көлігіндегі тасымалдау қызметімен байланысты адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен теміржол, теңіз, өзен көлігінде және автоөтпе жолдарында келетін адамдарға қатысты шектеу шаралары осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес жүргізіледі»;

2) қаулыға 1 және 6-қосымшалар осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы 2020 жылғы 8 желтоқсанда сағат 00-ден бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері

Е. Қиясов

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 65 қаулысына қосымша «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 59 қаулысына 1-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ШЕТЕЛДЕН АВАИРЕЙСТЕРМЕН КЕЛЕТІН АДАМДАРҒА ҚАТЫСТЫ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ

1. Қазақстан Республикасына шетелден авиарейстермен келетін барлық адамдар (Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; авиакомпаниялар экипаждарын қоспағанда) термометриядан, сауалнамадан өтеді және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтте нәтижесі берілген күннен бастап 3 тәуліктен аспайтын, ПТР өдісімен COVID-19-ға тесттен өткені туралы анықтаманы (бұдан өрі – Анықтама) ұсынуға міндетті. Алып жүретін адамдарда Анықтама болған жағдайда 5 жасқа дейінгі балаларға Анықтама ұсынылмайды.

2. Дене температурасы қалыпты шектегі, анықтама берген, келген адамдарға осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат алына отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндіру жүргізіледі, олар межелі жеріне жол жүруді жалғастырады.

3. Дене температурасы жоғары келген адамдар. Анықтаманың болуына қарамастан, инфекциялық стационарда оқшаулауға жатады.

4. Келген адамдарға сауалнама осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

5. Қазақстан Республикасының келген азаматтары Анықтама болмаған жағдайда ПТР өдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру үшін 3 тәулікке дейін карантиндік стационарда оқшаулауға жатады. COVID-19-ға зертханалық тексеру нәтижелерін алғаннан кейін COVID-19-ға теріс нәтижесі бар келген адамдарға осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат алына отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндіру жүргізіледі. COVID-19-ға оң нәтижесімен келген адамдар инфекциялық стационарға жатқызылады.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 59 қаулысына 6-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫ АРҚЫЛЫ ТЕМІРЖОЛ, ТЕНІЗ, ӨЗЕН КӨЛІГІНДЕ ЖӘНЕ АВТОӨТПЕ ЖОЛДАРЫНДА ӨТКІЗУ ПУНКТТЕРІНДЕГІ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ

1. Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен теміржол, теңіз, өзен көлігінде және автоөтпе жолдарында келген барлық адамдар (бұдан өрі – келген адамдар) (Қазақстан Республикасының үкіметтік делегацияларын; локомotive бригадаларының мүшелерін; теміржол, теңіз және өзен көлігіндегі тасымалдау қызметімен байланысты адамдарды қоспағанда) термометриядан, сауалнамадан өтеді және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтте нәтижесі берілген күннен бастап 3 тәуліктен аспайтын, ПТР өдісімен COVID-19-ға тесттен өткені туралы анықтаманы (бұдан өрі – Анықтама) ұсынуға міндетті. Алып жүретін адамдарда Анықтама болған жағдайда 5 жасқа дейінгі балаларға Анықтама ұсынылмайды.

2. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік және екі жақты қатынаста халықаралық жүк тасымалдарын жүзеге асыратын жүргізушілер термометриядан, сауалнамадан өтеді және Анықтама ұсынады.

Анықтама болмаған кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша екіжақты қатынаста халықаралық жүк тасымалдарын жүзеге асыратын жүргізушілер ПТР өдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеруден өтеді. ПТР өдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру үшін материал алынғаннан кейін межелі жеріне дейін маршруты бойынша жол жүруді жалғастырады. Келген адамнан COVID-19-ға зертханалық тексерудің оң нәтижесі алынған кезде мемлекеттік шекарадағы санитариялық-карантиндік пунктке іссапарға жіберілген санитариялық-эпидемиологиялық қызмет маманы COVID-19-ға оң нәтиже туралы ақпаратты сол уақытта келген адам сауалнамادا көрсеткен маршрут парағына сәйкес аумағында болатын облыстық санитариялық-эпидемиологиялық қызмет департаментіне береді. Сол уақытта келген адам аумағында болатын санитариялық-эпидемиологиялық қызмет маманы денсаулық сақтау басқармасына (бұдан өрі – ДСБ) және келген адамға COVID-19-ға зертханалық тексерудің оң нәтижесі туралы хабарлайды. ДСБ келген адамды медициналық тексеруді қамтамасыз етеді, COVID-19 белгілері болған кезде оны инфекциялық стационарға жатқызу қажеттігі туралы шешім қабылдайды. COVID-19 белгілері болмаған кезде оған COVID-19 ықтимал симптомдары туралы және межелі жерге келгеннен кейін МСАҚ ұйымына жүгіну және COVID-19-ға тексерудің оң нәтижесі туралы хабардар ету қажеттігі туралы түсіндіреді. ДСБ осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес тиісті қолхатты алады. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет департаменті және ДСБ келген адамның межелі жеріндегі ДСБ-ға COVID-19-ға тексерудің оң нәтижесі бар адамның жол жүргені туралы хабарлайды.

3. Дене температурасы қалыпты шектегі келген, анықтама ұсынған адамдарды осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат пен нұсқаулық алына отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндіру жүргізіледі, олар межелі жері бойынша жол жүруді жалғастырады.

4. Келген адамдарға сауалнама осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

4. Келген ҚР азаматтары (осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда) Анықтама болмаған жағдайда ПТР өдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру үшін 3 тәулікке дейін карантиндік стационарда оқшаулауға жатады. COVID-19-ға зертханалық тексеруге материал алуды медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан өрі – МСАҚ) маманы жүзеге асырады.

COVID-19-ға зертханалық тексеру нәтижелерін алғаннан кейін теріс нәтижесімен келген адамдарға осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес тиісті қолхат алына отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндіру жүргізіледі.

COVID-19-ға зертханалық тексерудің оң нәтижесімен келген адамдар инфекциялық стационарға емдеуге жатқызылады.».

Министерство здравоохранения Республики Казахстан ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 65 от 04 декабря 2020 года ____

О внесении изменения и дополнения в постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции COVID-19 среди населения Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Внести в постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 23 октября 2020 года № 57 «О дальнейшем усилении мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Республики Казахстан» подпункт 2) пункта 8 изложить в следующей редакции:

«разрешение проведения партнерских родов при наличии у партнера справки с отрицательным результатом теста на COVID-19 методом ПЦР, с даты выдачи результата которого прошло не более 3 суток»;

2. Внести в постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 23 октября 2020 года № 59 «О дальнейшем усилении мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией в пунктах пропуска на государственной границе Республики Казахстан» внести следующие изменения:

1) подпункт 1) и 2) пункта 1 изложить в следующей редакции:

«1) проведение мероприятий в отношении лиц, прибывающих авиарейсами из-за рубежа в Республику Казахстан в следующем порядке:

все прибывшие лица, при пересечении государственной границы Республики Казахстан обязаны представить Справку с отрицательным результатом теста на COVID-19 методом ПЦР, с даты выдачи результата которого прошло не более 3 суток на момент пересечения государственной границы Республики Казахстан (далее – Справка), за исключением детей в возрасте до 5 лет при наличии Справки у сопровождающих их лиц; правительственных делегаций Республики Казахстан; экипажей авиакомпаний; ограничительные меры в отношении лиц, прибывших **международными пассажирскими** авиарейсами из-за рубежа в Республику Казахстан, проводятся согласно приложению 1 к настоящему постановлению, за исключением правительственных делегаций Республики Казахстан; экипажей авиакомпаний;

пассажиры, следующие международным транзитом, не покидают транзитную зону и подлежат проведению ограничительных мер в конечном пункте назначения;

2) проведение мероприятий в отношении лиц, прибывающих в Республику Казахстан через пункты пропуска через Государственную границу Республики Казахстан на железнодорожном, морском, речном транспорте и автопереходах в следующем порядке:

все прибывшие лица, при пересечении государственной границы Республики Казахстан обязаны представить Справку с отрицательным результатом теста на COVID-19 методом ПЦР, с даты выдачи результата которого прошло не более 3 суток на момент пересечения государственной границы Республики Казахстан (далее – Справка), за исключением детей в возрасте до 5 лет при наличии Справки у сопровождающих их лиц; правительственных делегаций Республики Казахстан; членов локомotive бригад; лиц, связанных с перевозочной деятельностью на железнодорожном, морском и речном транспорте;

ограничительные меры в отношении лиц, прибывающих в Республику Казахстан через пункты пропуска через Государственную границу Республики Казахстан на железнодорожном, морском, речном транспорте и автопереходах, проводятся согласно приложению 6 к настоящему постановлению, за исключением правительственных делегаций Республики Казахстан; членов локомotive бригад; лиц, связанных с перевозочной деятельностью на железнодорожном транспорте»;;

2) приложения 1 и 6 к постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления оставляю за собой.

4. Настоящее постановление вступает в силу с 00 часов 8 декабря 2020 года.

Главный Государственный санитарный врач Республики Казахстан

Е. Киясов

Приложение к постановлению Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан № 65 от 4 декабря 2020 года «Приложение 1 к постановлению Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан № 59 от 23 октября 2020 года

ОГРАНИЧИТЕЛЬНЫЕ МЕРЫ В ОТНОШЕНИИ ЛИЦ, ПРИБЫВАЮЩИХ АВАИРЕЙСАМИ ИЗ-ЗА РУБЕЖА В РЕСПУБЛИКУ КАЗАХСТАН

1. Все лица, прибывшие в Республику Казахстан прибывающих авиарейсами из-за рубежа в Республику Казахстан (за исключением правительственных делегаций Республики Казахстан; экипажей авиакомпаний), проходят термометрию, анкетирование и обязаны представить справку о прохождении теста на COVID-19 методом ПЦР, с даты выдачи результата которого прошло не более 3 суток на момент пересечения государственной границы Республики Казахстан (далее – Справка). На детей в возрасте до 5 лет Справка не предоставляется при наличии Справки у сопровождающих их лиц.

2. Прибывшим лицам с температурой тела в пределах нормы, предъявившим справку, проводится разъяснение о возможных симптомах COVID-19 с получением соответствующей расписки согласно приложению 3 к настоя-

щему постановлению, они продолжают следовать по месту назначения.

3. Прибывшие лица с повышенной температурой тела, независимо от наличия Справки подлежат изоляции в инфекционном стационаре.

4. Анкетирование прибывших лиц проводится согласно приложению 2 к настоящему постановлению;

5. Прибывшие граждане Республики Казахстан при отсутствии Справки подлежат изоляции в карантинный стационар до 3 суток для лабораторного обследования на COVID-19 методом ПЦР. После получения результатов лабораторного обследования на COVID-19, прибывшим лицам с отрицательным результатом на COVID-19 проводится разъяснение о возможных симптомах COVID-19 с получением соответствующей расписки согласно приложению 3 к настоящему постановлению. Прибывшие лица с положительным результатом на COVID-19 госпитализируются в инфекционный стационар.

Приложение 6 к постановлению Главного государственного санитарного врача

Республики Казахстан № 59 от 23 октября 2020 года ОГРАНИЧИТЕЛЬНЫЕ МЕРЫ В ПУНКТАХ ПРОПУСКА ЧЕРЕЗ ГОСУДАРСТВЕННУЮ ГРАНИЦУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ, МОРСКОМ, РЕЧНОМ ТРАНСПОРТЕ И АВТОПЕРЕХОДАХ

1. Все лица, прибывшие в Республику Казахстан (далее – прибывшие лица) через пункты пропуска через Государственную границу Республики Казахстан на железнодорожном, морском, речном транспорте и автопереходах (за исключением правительственных делегаций Республики Казахстан; членов локомotive бригад; лиц, связанных с перевозочной деятельностью на железнодорожном, морском и речном транспорте), проходят термометрию, анкетирование и обязаны представить Справку о прохождении теста на COVID-19 методом ПЦР, с даты выдачи результата которого прошло не более 3 суток на момент пересечения государственной границы Республики Казахстан (далее – Справка). На детей в возрасте до 5 лет Справка не предоставляется при наличии Справки у сопровождающих их лиц.

2. Водители, осуществляющие международные грузовые перевозки в транзитном и двустороннем сообщении по территории Республики Казахстан проходят термометрию, анкетирование и предъявляют Справку.

При отсутствии Справки водители, осуществляющие международные грузовые перевозки в двустороннем сообщении по территории Республики Казахстан, являющиеся гражданами Республики Казахстан проходят лабораторное обследование на COVID-19 методом ПЦР. После забора материала для лабораторного обследования на COVID-19 методом ПЦР, продолжают следовать по маршруту до места назначения. При получении положительного результата лабораторного обследования на COVID-19 у прибывших лиц, специалистом санитарно-эпидемиологической службы, прикомандированным к санитарно-карантинному пункту на государственной границе информация о положительном результате на COVID-19 передается в областной Департамент санитарно-эпидемиологической службы, на территории которого в настоящее время находится прибывший согласно маршрутному листу, указанному в анкете. Специалист санитарно-эпидемиологической службы, на территории которого в настоящее время находится прибывший, оповещает управление здравоохранения (далее – УЗ) и прибывшего о положительном результате лабораторного обследования на COVID-19. УЗ обеспечивает медицинский осмотр прибывшего, при наличии признаков COVID-19 принимает решение о необходимости его госпитализации в инфекционный стационар. При отсутствии признаков COVID-19 разъясняет ему о возможных симптомах COVID-19 и о необходимости по прибытию до места назначения обратиться в организацию ПМСП и проинформировать о положительном результате обследования на COVID-19. УЗ получает соответствующую расписку согласно приложению 5 к настоящему постановлению. Департамент санитарно-эпидемиологической службы и УЗ оповещают о следовании лица с положительным результатом обследования на COVID-19 и УЗ по месту назначения прибывшего;

3. Прибывшим лицам с температурой тела в пределах нормы, предъявившим справку, проводится разъяснение о возможных симптомах COVID-19 с получением соответствующей расписки и инструкции согласно приложению 4 к настоящему постановлению, они продолжают следовать по месту назначения.

Прибывшие лица с повышенной температурой тела, независимо от наличия Справки подлежат изоляции в инфекционном стационаре.

3. Анкетирование прибывших лиц проводится согласно приложению 2 к настоящему постановлению;

4. Прибывшие граждане Республики Казахстан (за исключением лиц, указанных в пункте 2 настоящего приложения), при отсутствии Справки подлежат изоляции в карантинный стационар до 3 суток для лабораторного обследования на COVID-19 методом ПЦР. Забор материала для лабораторного обследования на COVID-19 осуществляет специалист первичной медико-санитарной помощи (далее – ПМСП).

После получения результатов лабораторного обследования на COVID-19, прибывшим лицам с отрицательным результатом проводится разъяснение о возможных симптомах COVID-19 с получением соответствующей расписки согласно приложению 4 к настоящему постановлению.

Прибывшие лица с положительным результатом лабораторного обследования на COVID-19, госпитализируются в инфекционный стационар.».

ЖОЛДЫБАҰ БАЗАР. ҚАТЫБАС

(әңгіме)



Түс ауа бере қабағы түнеріңкі қара қошқыл бұлт Н. қаласының үстін қымтап алды да іле жұмсақтық танытып жылап жіберді. Көңілшек бұлттың көз жасын сұртпекке, мүмкін жұбатаққа ниеттенгендей батыстан баяу жел есті. Ызғары әжептәуір. Құтырынып кетпесін деңіз. Қойын-қонышыңды толтырып сумаңдай еніп, мұздай демін төңіге үрлейді, ащы тікенегін теріңе сұққылайды. Күздің қоңсыз жанды қалтыратар, көше ғана күрсіне қоштасқан жарықтық жазды еріксіз есіңе оралтар осындай бір бозғылт кешінде Тұрлыхан аяқ жолмен асықпай келе жатты. Сіркіреген жаңбырды, өкпіні баяу болса да қытымырлығы бой түршіктірер желді елер емес. Жан сарайына өлде бір мазасыздық ылап салып, тұқырып барады...

Өншейінде таық тастам жерге аяқ артпай бармайтын ол бүгін жұмыстан қызметтік көлігін қайтарып жіберіп, жаяу қайтқан. Бағыты – өз үйінің тұсындағы ішіне кірсең шыққысыз супермаркет.

Тұрлыханның қарымды, іскер екенін бағалаған өзі қызмет ететін үлкен компанияның басшылығы оны осындағы филиалды басқаруға жіберген.

Жесір әйелдің азын-аулақ тиын-тебеніне телміре күн көшкен көшегі ашқұрсақ студент міне, небәрі үш-төрт жылдың ішінде әжептәуір бедел, қомақты қор жинап, ел қатарына ілікті, тіпті талайлардан әудем жер ұзап та кеткен. Өзі өскен, белін бекіткен Алматыдағы ағасы мен өпкесіне де көмегін аяған емес. Ал, анасы негізінде үлкен ұлының қолында тұрады демесеңіз, көбінесе перзенттерінің отбасылары арасында шапқылап, қызыққа бата жүріп жатқан жайы бар.

Шаңырағына қажетті оны-мұны заттарды, ас-ауқатты сатып алу ұдайы әйелінің еншісіндегі іс болғандықтан, Тұрлыхан дүкенге бас сұға бермейтін. Бірақ, бүгін оның өзімен-өзі жеке қалып, өлгі дүкенді бетке алуының өзіндік себебі бар еді.

Қызметтік бөлмесінде күнделікті есеп-қисабымен басы қатып, қарамағыңдаларға берер тапсырмасын қайта-қайта пысықтап, мұрнының ұшы шып-шып терлей қызу жұмыс үстінде отырған. Хатшы қыз рұқсат сұрар-сұрамастан кіріп, мұның қолына бір конверт ұстатты.

– Ағай, мына хат сіздің атыңызға келіпті, конверттің сыртына «өз қолына» деп жазылған, – деді.

Шырқын бұзбау үшін шыбынның ызыны, сағаттың сыртлысы естілмеуін қалап отырған Тұрлыхан хатшы қызды іштей жақтырмағанымен оған бөлмеге еркін кіріп-шыға беруіне рұқсат бергенін ескеріп, ештеңе дей қойған жоқ.

«Жылдам хабар алғызар...» телефон, электронды пошта дегендей құралдар адамзат тұрмысына дендей енгелі сарғайған сағынышын арқалай келіп, тағаты таусыла есігінді қағатын, сөлем жолдаушы жанның алақанынан ақ параққа дарыған жылуды сұыптай, ақжарма көңілін бұрмаламай сол қалпында жеткізер жарықтық қағаз хаттан бедел қашқан кезеңде Тұрлыхан жұмысына қатысты құжаттар салынған конверттерді талай рет ашқанымен, өз атына жеке адамнан келген хатты алғаш рет кезіктіріп отыр. Хатшы қыз шығып кеткен соң жұмысынан бір ауық қол үзіп, қызуғышылығы ояңған болар, хат жолдаушының мекен жайы көрсетілмеген өлгі конвертті тағатыздана ашты.

Хатта: «...Сіз басқарып отырған кәсіпорынның бір бөліміне жетек-

шілік ететін, жасамыс тартқан Жарас Сейітқұлов деген азамат бар. Ол – мені екі баламен және жүкті күйімде тастап кеткен бурынғы күйеуім. Бәрін басынан бастасам, Жарас өкешешесінің Құдайдан тілеп алған, жалғыз туяғы еді. Екеуміз бір-бірімізді ұнатып қосылдық. Бұл басқа әңгіме.

Мен келін болып түскен жылы ата-енем бірінен соң бірі науқастанып қайтыс болды. Қайғының қара балтасы тосыннан салған жара бізді есеңгіретіп жіберді. Сөйтіп жүргенде дүние есігін перзенттеріміз бірінен соң бірі ашып, өлгі қазаның салмағын аз-кем жеңілдете түскен. Екеуіміздің де білдей мамандығымыз бар,

Мен келін болып түскен жылы ата-енем бірінен соң бірі науқастанып қайтыс болды. Қайғының қара балтасы тосыннан салған жара бізді есеңгіретіп жіберді. Сөйтіп жүргенде дүние есігін перзенттеріміз бірінен соң бірі ашып, өлгі қазаның салмағын аз-кем жеңілдете түскен. Екеуіміздің де білдей мамандығымыз бар, ауыл мектебінде мұғалімбіз. Алайда, Жарас отбасының қызығын төрк етіп, жеке басының қамына күйттеп Алматыға аттанып кетті. Жастайынан өзімшіл, ішкі «менінің» бұйрығымен жүріп-тұруды дағды еткен ол ағайын-туысының тоқтау салған ақыл-кеңесіне қолын бір сілтеді. Сондағы мақсаты есіл өмірін қи сасыған, ұйқы-тұйқысы шыққан шалғайдағы ауылда қор етпей, қалаға барып үлкен қызметке тұру, мансап куу. Маған: «Қалаға барып орналасқан соң, көшіріп аламын», – деді. Бірақ, Жарас сол кеткеннен өз отбасына қайтып оралмады. Соңынан іздеп барғаныма өлдебір дөкейдің байдан қайтқан «еркесіне» үйленіп, «жұмақтың» төрінде шалқып жүріп жатқанын өз көзіммен көрдім. Көңілім құлазып кетті. Шие-тей бала-шағасын тағдырдың талқысына тастап, өкешешесінің аманаты – қара шаңырағын жесір мен жетімге толтырып, жұмсақ тесекті, жайлы қызметті, зәулім үйді өмірдің бар мөні деп қалған екен. Оны сол арада балаларымның өкесі деп танудан бас тартқандай болдым.

Жөнін айтып барған бірді-екілі ағайын-туыстарын да бездіріп жіберген. Олар Жарасты қазір мүлде ұмытқан.

Мен заңға жүгінбекші де болдым. Бірақ, өкенің балаларына, ерінің әйеліне деген сезімі семіп, жүрегі селт етпесе, «мұным қалай?» деп толғанбаса, оған не деуге болады деп ойладың. Сондықтан, оны мен өлдіге санадым, адам санатынан сызып тастадым. Ал, өлікті заңға сүйреген кімді көрдіңіз?

Осылайша үсік шалған жанымға Жарасқа тиесілі қарашаңырақ жылу бере қоймайтындай көрінген соң, бала-шағамды алып Алматыға көшіп кеттім.

Желдей жүйрік уақыт бір орнында тұрсын ба, содан бері жиырма сегіз жыл өте шығыпты. Осы мезгіл ішінде қанша тауқымет тартсам да үш баламды қатарынан кем етпей өсіріп, өрісімді кеңейтіп отырмын. Ал, одан тырс еткен хабар болмады.

Міне, сіздің белді қызметкеріңіз өрі іргелес көршіңіз осындай міскін.

Менің естүімше, олар перзент сүймеген. Дұрысы, қаламаған. Бұл ерлі-зайыптысымақтардың бар қызығы – тұқымы азындаған саба-лақ жүнді «Леночка» атты иті. Бар тапқан-таянғанын қарақан бастары мен өлгі «Леночкаға» жұмсалды екен.

Ол қосағын қолтықтап барып күнде көшке қарай сіздің үйіңізге қарсы орналасқан дүкеннен сүйікті «перзенті» – «Леночкаға» құнарлы, қымбат ас-ауқат сатып алады. Сенбейсіз бе, өзіңіз біліңіз. Бірақ, мүмкіндігіңіз болып, менің айтқаныма көз жеткізіңіз келсе, көшке қарай өлгі дүкенге бас сұғып көріңіз.

Сізге оны осы қылығы үшін қызметінен қуыңыз немесе онымен қарым-қатынасыңызды үзіңіз деп өмеуірің танытып отырғаным жоқ. Тек қана,

сүлдерін сүйретіп, көзін шүңірейте тірі жүргендері болмаса, шын мәнінде әлдеқашан өліп қалған міскіндердің алдыңғы қатарындағы өлгі Жарасқа өзінің кім екенін түспалдап болса да жеткізіп, оның бұл өмірде ешкім емес екенін сездірсеңіз», – деп жазылпты.

Хатты оқып болған Тұрлыхан әрі-сәрі күй кешіп, жағын таянып бір ауық қимылсыз қалды. Хат жазған әйелдің тағдыры өз анасының өмір жолына келіңкірейді екен. Бірақ, Тұрлыханның өкесі анасы айтқан-дай, бұл дүниеге келерден бірер ай бұрын жол апатынан қазаға ұшыраған.

Анасымен тағдырлас жалғызілікті әйелдің мына хаты, ондағы нала мен ашудың, күйініш пен ызаның, кеткен есе мен көмейге кептелген өксіктің мазмұны оған тағат тапқызбады.

Міне, Тұрлыхан өлгі хаттың әсерімен өрі белгісіз әйелдің тілегін орындамақ ниетпен супер маркетті бетке алған еді.

Тұрлыхан көз алдына қарамағында қызмет ететін Жарас Сейітқұловтың тұр-тұласын елестетіп өтті. Іле Жарастың әйелі – Зоя алайдың бейнесі жанарының жарығында қылаң берді. Мерекелік кештерде Зоя апаимен талай мәрте жолығысқан. Ол кербездеңе, төкаппарлана, қылмисі өрі ішіп-жей көз тастап, бұны бірнеше рет ыңғайсыз жағдайға қалдырғаны бар...

Тұрлыхан көздеген жеріне жақын-дап қалғанда, мына сөйкестікті қараңыз, Жарас Сейітқұлов пен құшырлана құшағына қысқан иті бар Зоя апай дүкенге бас сұғып бара жатқан. Жарас кенет бастығын байқап қалып, әйелін жеңінен тарта тоқтатты. Өзі Тұрлыханға қарай жүгіргенсі адымдап, қол қусыра амандасып, меймөңкелеп қалды (Олар бүгін жұмыс орнында кездеспеген еді). Өкесіндей адамның баласындай жанға осыншама иіліп-бүгілгені сырт көзге тым оғаш көрінеді екен. Бірақ, лауазым шіркін жас-көрі деп бөле ме. Кімнің шені биік, кімнің шені төмен – мәселе сонда ғой.

Зоя апай мұнымен жылы шырай таныта бас ізеп амандасты да дүкенге кіріп кетті. Өлгі хаттың өсерінен өлі айыға қоймаған Тұрлыхан Жарас Сейітқұловқа қатысты өзінің ішкі дүниесіндегі жан жабырқатар сезімін шідерлеп, сыпайы түрде тіл қатты.

– Жеңгей екеуіңіз жарасымды жұпсыздар. Сырт көзге, өсіресе, қолдарыңызға ит ұстап жүргендеріңіз өсерлі көрінеді екен, – деді Тұрлыхан.

– Жылы сөзіңізге көп-көп рахмет! Жеңгеніз – алтын адам. Осы жүргенім сол кісінің арқасы ғой. Әйелімің тамыр-таныстары мол, шыққан жері өте мықты. Дүркіреп тұр. Тек, кейінгі уақытта Зояның көңіл-күйі түсіңкі. Оған сүйкімді итіміз «Леночканың» жиі-жиі ауырып, жүдеп бара жатқаны қатты тиіп жүр. Зояға талай мәрте «Леночкаға» («кеңілдес» тауып берейік, сонда ғана «кішкентай сүйкімдің» арсаландап шыға келеді дедім. Бірақ, ол менің кеңесімді тыңдайтын емес.

– Неге?

– Өйткені, жеңгең сүйікті «Леночкасын» басқа ит тұрмақ, кейде менен де қызғанады.

– Бөлікім, итіңіздің мазасыздануы итаяғына дұрыс тамақ құйылмағанынан шығар.

– Жо-жоқ, олай емес. Біз «Леночканың» барлық жағдайын жасағанбыз. Оны дұрыс тамақтандыру үшін мамандардан кеңес аламыз, бұған қоса соған қатысты ғылыми кітаптарды ақтарып, өйтеуір, «Леночка-

мыздың» ас-ауқатында кінәрат болмауын ұдайы қадағалап отырамыз. Өзіңіз білетін боларсыз, мына дүкеннің бір бөлігінде үй жануарларына арналған неше түрлі тағамдар сатылады. Біздің «Леночкамыз» солардың ең таңдаулысымен қоректенеді. Қазір де дүкенге соның ас-ауқатын алу үшін келіп тұрмыз...

Кенет белгісіз әйелдің өлгі хатта көрініс берген жанайқайы Тұрлыханның санасын түртіп, оның сыпайы қалпын бұзып жіберді.

– Ит арқалаған жеңгей сіздің екінші әйеліңіз екенін, алғашқы жарыңызды түкпірдегі бір ауылға, тұрасын айтқанда өз шаңырағыңызға екі сөбіімен және жүкті күйінде зар жылата тастап кеткеніңізді бір танысымнан естім едім. Айтыңызшы, бұл сөз рас па? – деді Тұрлыхан үніндегі ашудан туындаған дірілді байқатпай.

– Түреке, сіздің айтып тұрғаныңыз рас. Алайда, бұл менің жеке өмірім, мұны біз талқыламай-ақ қойсақ қайтеді, – деді Жарас Сейітқұлов өзіне жанарын қадап тұрған жас жігіттің жүзіне қарауға тайсақтап.

Тұрлыхан:

– Қысқасы сенің шаруаң болма-сын демекшісіз ғой?.. – деді.

Өзін айтағанда, әйелі мен оның сүйікті «Леночкасының» нөпақасын айырып беріп отырған кәсіпорынның басшысына бас көтере жауап беруге дерменсіздік танытқан Жарас Сейітқұлов ләм-мим дей қойған жоқ.

Тұрлыхан:

– Қалай десеңіз де бір мекеме тұрмақ, ортақ қоғамда өмір сүріп жатқан біз өрқайсысымыздың күнәлі, жүйке күйзелтер іс-әрекетімізге бейжай қарауға тиісті емеспіз. Өз перзенттеріңізді жетім етіп, қайдағы бір сабалақ жүнді сасық итке «өкелік қамқорлық» танытып жүргеніңізді Жаратқан иеміз кешірмейді, – деді де бұрылып кетуге ыңғай таныта бере, – сіз өзіңізді бақытты жанға балайтын шығарсыз. Солай ойлай беріңіз. Бірақ, қуыс кеуденіздің бір түкпірінде аярлығыңыз матап тастаған ізгілікті қасиетіңіздің болмауы мүмкін емес. Өйткені, бір Аламыз өзі жаратқан пендесінің бойына тамшыдай болса да ізгілік, мейірім ұрығын сеппей қоймайды. Ал оны мөпелеп, тұла бойда қайқалта өсіру, жаныңның ажырамас бөлігіне айналдыра білу өр пенденің жеке ісі. Сол ізгілігіңіз бен мейіріміңіз күндердің күнінде оянып, жан азабыңызға айналатынын, жүрегіңізді қарақұртша шағып, сесспей қатыратынын ұмытпаңыз. Ал, өзiрге «бақыттан» басыңыз айналып жүре бергейсіз.

Тұрлыханның алқымынан қысқан ұытты сөздері Жарас Сейітқұловқа қалай әсер еткені өзіне ғана аян. Дегенмен, оның ішкі сарайы келсаптың тоқпағына жанышылған тарыдай эзіліп, тасқа шағылған шынайдай быт-шыты шығып кеткен-ді.

Шындығына келгенде, хат іесі Тұрлыханның анасы, Жарас Сейітқұловтың бұрынғы әйелі болатын.

Міне, күздің көңілісіз бір кешінде өке мен бала осылай кездесті.

Олардың өзара өңгімелесулері сәтінде екеуіне де өздерінің қаны бір, тым жақын, бірақ, тағдырдың талайымен аралары қайта бірікпестей алшақтап кеткен жандар екенін аңғармады. Осылайша, шындықтың шымылдығы түрлімелі, ақиқаттың алтын есігі айқара ашылмай қалуының жөні де бар. Өйткені, Жарас Сейітқұлов өз шаңырағын өкпек желдің өтпие тастап кеткенде Тұрлыхан іштегі бала еді. Сондай-ақ, бет өлпеттері де анау айтты ұқсас емес-тің. Өйткені, Тұрлыханның бет жүзі нағашыларына келіңкірейтін. Бұған қоса анасы үш перзентінің де тегін қайын жұртының руы атына жаздырып жіберген-ді. Тұрлыханның анасы балаларына өкелері және оның жақындары тұрғысында ләм-мим деп жақ аспаған. Перзенттеріне өкелерінің өздерін тастап кеткенін жасыру үшін оны жол апатынан қайтыс болды деп сендірген.

Тұрлыхан мен Жарас бетпе-бет кездесіп тұрған кеште зәулім үйдің бесінші қабатынан терезе пердесін жартылай ашып, самайын ақ шалса да өңін бермеген, ақ орамалын адапдықтың белгісі деп ұғып өмір сүріп келе жатқан, бар пейілін перзенттеріне ұсынған, баласының шаңырағына қыдырыстап келіп-кетіп жүргенде бұрынғы күйеуін сырттай көріп қалып, әлдекімнің көмегімен ол туралы мән-жайға қанығып алған жасамыс әйел өлгі дүкен жаққа қарап отыр еді: дүкен алдындағы екеудің бірі бері қарай бұрылғанда, екіншісі тұңғыыққа өп-сәтте жұтылып кеткен-тін.

Күздің жаңбыры терезені сындыра жаздап өрекілді.

ҮЙІРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ КӨП!

БАЛА ТӘРБИЕСІ – ИГЛІКТІ ІС. БЕРЕРІ ДЕ, СҰРАУЫ ДА, ЖЕМІСІ ДЕ МОЛ ТӘРБИЕ САЛАСЫНЫҢ ЕҢ ӨЗЕКТІСІ. БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, ОЛАРДЫҢ КҮШ-ЖІГЕРІН ДҰРЫС БАҒЫТТА ЖҰМСАУ ЖӨНЕ БОЙЫНДА ТҰНЫП ТҰРҒАН ТҰА БІТКЕН ҚАБІЛЕТІН АШУ, ӨНЕРГЕ БАУЛУ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ҚОЛЫНДА. ҮЙІРМЕЛЕР ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУҒА МҰМКІНДІК БЕРЕДІ. «ҮЛГІСІ КӨПТІҢ ӨРНЕГІ КӨП, ӨРНЕГІ КӨПТІҢ ЕРМЕГІ КӨП» - ДЕП ХАЛЫҚ НАҚЫЛ СӨЗІНДЕ АЙТЫЛҒАНДАЙ, БҰЛ ҮЙІРМЕЛЕРДІҢ БЕРЕРІ КӨП ЖӨНЕ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ АЗ ЕМЕС.

Біздің мектебімізде балаларды жан-жақты дамыту мақсатында «Айгөлек», «Шебер», «Сөз сырына үңілсем», «Жасыл терапия», «Жас химик», «Қол күресі», «Табиғат және біз», «Волей-бол», «Шахмат», «Жұлдызды аспан» секілді үйірмелер өз жұмысын жүргізуде. Сонымен қатар, Ө.Дербісөлін атындағы Саралжын орта мектебі жанындағы «Бастау» аула клубында да «Домбыра-дастан», «Робототехника», «Шағын футбол», «Өлкетану және туризм» үйірмесі жұмыс жасайды.

«Домбыра-дастан» үйірмесінің жетекшісі Мөлдір Хайруллинаның жетекшілігімен осы жылдың 20-30 қараша аралығында Алаш өнер орта-

лығының ұйымдастыруымен онлайн өткізілген VIII Халықаралық «ALASH STAR» өнер байқауына қатысқан болатын. Мөлдір Қайратқызы құрмет грамотасымен марапатталса, мектебіміздің 6-сынып оқушысы Іңкәр Аман-дәулетова II-дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар Нұр-сұлтан қаласында өтетін Халықаралық конкурсқа 20% жеңілдікке ие болды. Алдағы уақытта да дайындықты күшейтіп, Нұр-сұлтан қаласынан да жүлделі орын алуларыңызға тілектеспіз! Жетістіктеріңіз көп болып, биік шыңдарды бағындыра беріңіздер!

Индира ТӨЛЕУОВА,
«Бастау» аула клубының әдіскері.

COVID-19 экспресс-тестінен өту үшін не істеу керек?

1. ҚР ДСМ Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының formcovid.eisz.kz/index.html сайтында сауалнама толтыру
2. Эпидемиологиялық іріктеу нәтижесінде **бірінші кезекте** тесттен өтетін азаматтардың санаттары көрсетілген.
3. Азаматтардың осы санаттары коронавирусқа экспресс-тесттен тегін өтеді

COVID-19: Қазақстанда экспресс-тесттен кім өте алады?

Анамнезінде (аурулар тарихы) соңғы екі айда ауырған, қақтығысқа ұшырамаған немесе қазіргі уақытта ЖРВИ, пневмония, ЖРД белгілері бар, аяғын топтарындағы барлық адамдар:

1. Коронавирус таралуының алдын алу іс-шараларына қатысатын тұлғалар: жедел жәрдем саласының медициналық қызметкерлері, анбулаториялық, емханалық ұйымдардың, станциялардың қабайдау бөлімшелерінің қызметкерлері.
2. Медициналық көмек көрсетуге тікелей қатысатындар
3. Тыныс алу органдарының ауыр созылмалы ауруларымен диспансеріне есепте тұрған тұлғалар
4. Ауруханаға жатқызылмаған респираторлық синцитонды (ЖРВИ, пневмониялар, ЖРА) бар науқастар
5. Ауру жұқтырған адаммен байланыста болғандар
6. Автоөкілдер мен тенір жолдағы мемлекеттік шекарадан өткізу бөлімшелері арқылы Қазақстанға сапарлап келетін азаматтар
7. Коронавирус таралуының алдын алуға қатысатын орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қызметкерлері (ІІМ, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық гвардия, ҰҚК, Кеңен қызметі, ақіндіктер қызметкерлері)
8. Карантиндік аймақтардың тіршілік қызметін қамтамасыз ететін қызметкерлер (коммуналдық қызметтердің, азық-түлік, дәрі-дәрмек, сапатын сақтау нысандарының, үйге дейін жеткізіл беретін қоғамдық тамақтандыру нысандарының, көлік тасымалының, дезинфекция жасайтын ПИК қызметкерлері және т.б.)
9. Тек эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша өзге тұлғалар

САРЫП

Адамдар мен жануарлардың жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратын зақымдайтын, адамдарда ұзаққа созылатын жұқпалы ауру. Адамдарда сарып ауруы инкубациялық кезеңнен (жасырын мерзімі) 2-3 аптадан кейін жалпы ауырысу, дене қызуының 39-40 градус көтерілуінен басталады. Ары қарай бас ауруы,тершендік пен ұйқысыздыққа ұласады. Буындары, булшық еттері ауырысанады. Аурушандық 3 айға созылады,1-2 жылға дейін де ұласуы мүмкін. Ауырган кезде уақытылы дәрігерге қаралмағанда, толық емін алмаған кезде ауру созылмалы түрге көшіп мүгедектікке және бедеулікке дейін асқынып кетеді.

Жүеу жолдары

Инфекция көзі- сарыппен ауыратын ауылшаруашылық малдары. Ауру адамға ауру малдардан ғана жұғады.

Тағам арқылы:

-Тамаққа шикі сүт және сүт өнімдерін , ет және ет өнімдерін пайдаланғанда.

Контактілі :

- Ауру малды күтіп бағу кезінде және терінің сыдырылған жарақатына ауру малдың бөлінділері түскенде.

Аэрогенді жолмен :

- Ауру малдың жүнін қырыққанда,мал тұратын қораны тазарту барысында тыныс алу арқылы немесе көздің шырышты қабатына түскенде.

- Негізгі сақтану және алдын алу жолдары:

- Міндетті түрде малды жыл сайын сарып ауруына тексерту. Ауру анықталған кезде ауру малды дереу оқшаулап тез арада жою, мал ұсталған жерге залалсыздандыру шараларын (дезинфекция) жүргізу.

- Ішуге сүт, басқа сүт өнімдерін тек қайнатылған түрде пайдалануа керек. Себебі ауру қоздырғышы (бруцелла) 100°С температурада қайнатылғанда 5 минут ішінде жойылады.

- сүт, ет, тағы да басқа сүт өнімдерді белгісіз адамдардан сатып алуға болмайды.

- Мал жайлауға арнайы киім кию, мал жайлау уақытында темекі шекпеу, мал жайлағаннан кейін қолды сабындап жуу қажет.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1601 таңа. Тапсырыс №1518 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

ЦЭТВ – АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК, ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОГРЕСС, ЖОҒАРЫ САПА

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ТЕЛЕДИДАР МЕН РАДИО САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР. ТЕХНИКАЛЫҚ ІГЕРІЛЕУ ҚАРҚЫНЫ ТЕЛЕРАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІН ӨЗГЕРТУГЕ, СОНЫМЕН ҚАТАР СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН СЕНІМДІ АҚПАРАТТЫҢ ОБЪЕКТИВТІ, ЖАППАЙ ТАРАЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ. РЕСПУБЛИКА ХАЛҚЫН ТЕЛЕ ЖӘНЕ РАДИО ХАБАР ТАРАТУ ЖЕЛІСІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ОСЫ МАҢЫЗДЫ МИССИЯНЫ «ҚАЗТЕЛЕРАДИО» АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО ЖҮЗГЕГЕ АСЫРАДЫ. БҮГІНГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТЕЛЕРАДИО ХАБАРЛАРЫН ТАРАТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОРЫ ТЕЛЕВИЗИЯ МЕН РАДИО САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАНДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ОШАҒЫНДА ТҮР. БҮЛ ТУРАЛЫ «ҚАЗТЕЛЕРАДИО» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, ТЕХНИКАЛЫҚ ДИРЕКТОРЫ ЖАНБОЛАТ ОСПАҢБЕКОВ БӨЛІСЕДІ.



- Жанболат Амантайұлы, кәсіби жолыңыз туралы айтып берсеңіз, телерадиохабар тарату саласына қалай келдіңіз?

- Телерадиохабарн тарату саласына күтпеген жерден келдім. Мен техникалық және экономикалық білім алғанмын. Бірақ көбінесе IT маманы болып жұмыс істедім. Қарапайым жүйелік әкімшіден IT-компанияның бас директорының орынбасарына дейінгі жолдан өттім. Соңғы жылдары «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының геотехнологиялық полигондарының технологиялық учаскелерін жобалау саласына жетекшілік еттім. Қазтелерадиоға цифрлық эфирлік телехабар таратуды жобалау және салу бағыты бойынша келдім. Менің қызметімнің негізгі бағыты – бұл республикада ЦЭТВ енгізу мемлекеттік бағдарламасы бойынша жұмысты аяқтау, сонымен қатар техникалық бағыттарды пайдалану, жер-жерлерде өлі өшіріле қоймаған аналогтық хабар таратуды қолдау.

- Бүгінгі таңда «Қазтелерадио» АҚ өз қызметін қандай бағыттарда жүзеге асырады? Өз алдына қандай мақсат-міндеттер қояды?

- Біз жаңа қызметтерді құру. «Қазтелерадио» АҚ портфелін кеңейту бойынша жұмыс жасап жатырмыз. ЦЭТВ – цифрлық эфирлік телехабар тарату желісі. Бұдан белек қазір шекара маңындағы аумақтарда мемлекеттік радиохабар таратуды дамыту жөніндегі жоба өзірленді. Бізде «Шалқар», «Қазақ радиосы» сияқты отандық радиостанцияларға қол жеткізе алмай отырған жағдай елді-мекендер бар, бұл ауылдар ақпараттық вакуумда отыр. Ал бұл мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді, өйткені шалғай аудандарда тұратын тұрғындар көбінесе басқа мемлекеттердің радиосымен тындайды, ал бұл өзге елдің идеясы мен саясатын насихатталады деген сөз. Сондай-ақ біздің қызметіміздің негізгі бағыттарының бірі – кадрлық құрамды оңтайландыру, бұл Мемлекет Басшысының мемлекеттік және квазимемлекеттік секторды қысқарту туралы айтылған Жолдауын орындауға сәйкес жүргізіледі.

- Қазақстанда цифрлық эфирлік телехабар таратуда кешу немен байланысты? Оның артықшылықтары неде?

- Технологиялар дамып келеді және біздің мемлекетіміз заманға сай қадам басуы тиіс. Негізгі міндет – адамдарға көбірек арналар көру мүмкіндігін беру. Мысалы, «аналогтық» желіде алыс орналасқан ауыл тұрғындары тек төрт-бес арна ғана көре алады. Цифрлық форматқа көшкен кезде арна саны үш есеге артады. Хабар тарату сапасы да айтарлықтай жақсарайды. Қазір, мысалы, көрермендер аналогтық хабар тарату форматындағы бағдарламаларды қарайтын болса, олар сапасыз, бұлыңғыр, анық емес бейне көруге мәжбүр. ЦЭТВ – бұл басқа деңгей, бұл HD-формат, онда бейнелердің де, дыбыстың да сапасы жоғары, ұсынатын арналары да көп. Цифрлық эфирлік ТВ қала және ауыл тұрғындары арасындағы ақпараттық теңсіздікті жояды. Цифрлық өнімдерге қолжетімділік қазақстандықтар үшін тегін.

- Бұл процесс қашан аяқталмақ?

- Жоба айтарлықтай көлемді, ол 2021 жылы басталды, қазір біз соңғы кезеңіне жетіп қалдық. Жобаны 2022 жылға дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз және бүкіл Республика, елдің барлық халқы цифрлық эфирлік телерадио хабар тарат сигналына қол жеткізетін болады.

Қазіргі уақытта жобадан 827 радиотелевизиалық станцияның 529-ын салып бітіткі, оның ішінде 54 РТС биыл салынды, ал 13-ін жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Осыған байланысты Атырау және Қарағанды облыстарында екі комиссия жұмыс істеп жатыр. Солтүстік Қазақстан облысын толығымен цифрлық форматқа көшірдік. Келесі жылы 137 РТС құрылысын аяқтау, сондай-ақ 89 жаңа станцияның құрылысын бастау және аяқтау жоспарланған. 2022 жылы Ақмола облысында 40 РТС енгізу ғана қалады. Яғни, жобаны 2022 жылы аяқтамақпыз, жоба бойынша республика халқының кемінде 98%-ын «цифрмен» қамтуға тиіспіз. Бүгінгі таңда салынып біткен РТС-ты ескергенде, халықтың шамамен 89 пайызы қамтылған.

- Үйде digital-форматтағы телебағдарламаларды көру үшін қандай техникалық құралдар қажет?

- Нұр-Сұлтан, Алматы және Орал қалаларында үш техникалық орталық бар. Олар барлық контентті KazSat-2, KazSat-3 спутниктері арқылы көтереді. Біздің РТС-терде жердегі серіктік станциялар тұр, олар бұл контентті спутниктен алып, оны жер үсті эфир таратқышына жібереді. Бұл қарапайым дециметрлік антеннаны пайдаланатын адамдар үшін де қолжетімді. Ең бастысы, олардың теледидары DVB-T2 стандартын қолдайтын болуы тиіс. Ал егер теледидар ескі болса, онда цифрлық қабылдағыш сатып алу қажет, ол шамамен 4-5 мың теңге тұрады. Осы қабылдағыштың көмегімен халық арналарды цифрлық форматта көруге мүмкіндік алады.

- ЦЭТВ енгізу республика халқының өміріне қалай әсер етеді?

- Қазақстан қарқынды дамып келе жатқан ел ретінде жалпы өлемдік технологиялық эволюция рухын қолдап келеді. Бұл негізгі факторлардың бірі. Екіншіден, бұл ақпараттық қауіпсіздік. Адамдар біздің арналарымызды, жаңалықтарымызды, телешоуларымызды көріп, мемлекеттің қоғамдық өміріне қатысуы керек. Менің ойымша, ақпараттың негізгі көзі – теледидар. Пандемия жағдайында, онлайн-оқыту аясында балалардың үйден шықпай-ақ оқуға мүмкіндігі бар, қазақ тілін дамыту бойынша мемлекеттік саясат та тиімді жүргізіліп келеді. Карантин кезінде санитарлық нормалар мен ережелер туралы ақпарат халық назарына үнемі жеткізіліп отырады, халық инфекцияны болдырмау, жақындырған қорғау және т.б. туралы уақтылы хабардар етіледі. Осының 90 пайызырадио мен ТВ арқылы тұрақты қосылу, адамдардың есіне салу арқылы жасалып отыр. Бұдан басқа, тағы бір артықшылық – радиожиліктер босайды. Мысалы, аналогтық хабар таратуда бір жиілікте бір телеарна ғана болады, ал цифрлық стандартта біз бір жиілікте көп арнаны таратамыз. Біз телеком-муникация саласындағы басқа қажеттіліктер үшін жиіліктерді босатамыз.

- ЦЭТВ жобасын іске асыруда проблемалар бар ма? Бар болса, қандай?

- Белгілі бір қиындықтар бар. Жосқасыз мердігерлер көп. Тендерде жеңіп алып, кейін шарт бойынша өз міндеттерін орындамай жатады. Мұндай мердігерлермен кейін шағым-кінерат жұмыстары жүргізіледі. Бұл да уақыт алады. Құрылыс көбінесе қатынау қиын жерлерде жүргізіледі. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысында Алтай ауданында таулы жерлерде біз 65 РТС салуымыз керек. Құрылыс салу кезеңі де өте қысқа: мамырдан қыркүйекке дейін. Ал объектілер өте көп. Табиғи жағдайлар да кедергі келтіреді. Бірақ алдымызда қандай тарту турса да, РТС салмай қоймаймыз.

- «Қазтелерадио» АҚ елімізде телерадио хабарын таратуды одан әрі дамытуың қандай басым бағыттары мен жоспарларын көздеуде?

- Ең жаһандық міндет – ЦЭТВ енгізу, содан кейін біз мемлекеттік радиохабар таратуды дамытамыз. Халықтың ақпаратқа қолжетімділігі тең болуы тиіс. Елімізде бір де бір уейынның «Қазтелерадио» АҚ сияқты контентті жеткізетіндей инфрақұрылымы жоқ. Бұған қоса, бізде Интернет арқылы қызметтерді ұсынатын OTT сияқты сервис бар. Осы сервис аясында GalamTV брендмен отандық және шетелдік телеарналар пакеті таратылады. Бұл смартфонға, планшетке, теледидарға орнатуға болатын мобильді қосымша. Сондай-ақ, қатынау қиын елді мекендерде интернет-хабар таратуды жерсеріктік байланыс желісі арқылы ілгерілету жоспарда бар.

Қорытындылай келе, Жанболат Амантайұлы қазақстандықтарға мықты денсаулық және заманауи инновациялық өзгерістер жолында оң жетістіктер тіледі. Цифрлық эфирлік хабар таратудың әр үйге келетініне және елдің барлық тұрғындарының ақпараттық кеңістікке қол жеткізе алатынына сенім білдірді. ЦЭТВ-ға көшуге қатысты сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар «Қазтелерадио» АҚ-ға қоңырау шала алатынын еске салды.

ЦЭТВ - ИНФОРМАЦИОННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ, ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ ПРОГРЕСС, ВЫСОКОЕ КАЧЕСТВО

РАЗВИТИЕ ОТРАСЛИ ТЕЛЕВИДЕНИЯ И РАДИО НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА ИМЕЕТ ВЕКОВУЮ ИСТОРИЮ. ТЕМПЫ ТЕХНИЧЕСКОГО ПРОГРЕССА МЕНЯЮТ ОБЛИК ТЕЛЕРАДИОВЕЩАТЕЛЬНОЙ ИНДУСТРИИ, СПОСОБСТВУЮЩЕЙ ОБЪЕКТИВНОМУ, ПОВСЕМЕСТНОМУ РАСПРОСТРАНЕНИЮ СВОБОДЫ СЛОВА, ТВОРЧЕСТВА, ДОСТОВЕРНОЙ ИНФОРМАЦИИ. ЭТУ ВАЖНУЮ МИССИЮ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ ПРИЕМОМ ПРОГРАММ ТЕЛЕВИДЕНИЯ И РАДИОВЕЩАНИЯ ОСУЩЕСТВЛЯЕТ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗТЕЛЕРАДИО». СЕГОДНЯ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР В ОБЛАСТИ ТЕЛЕРАДИОВЕЩАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАХОДИТСЯ В ЭПИЦЕНТРЕ ГЛОБАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ В СФЕРЕ ТЕЛЕВИДЕНИЯ И РАДИО. ОБ ЭТОМ РАССКАЗЫВАЕТ ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДЕТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ, ТЕХНИЧЕСКИЙ ДИРЕКТОР АО «КАЗТЕЛЕРАДИО» ЖАНБОЛАТ ОСПАҢБЕКОВ.



- Жанболат Амантаевич, расскажите о своём профессиональном пути, как вы пришли в сферу телерадиовещания?

- В сферу телерадиовещания я пришел неожиданно. Образование моё техническое и экономическое. Но в основном я всегда работал IT-специалистом. Прошёл путь от простого системного администратора до заместителя генерального директора в IT-компани. Последние годы на предыдущем месте работы я курировал сферу проектирования технологических участков геотехнологических полигонов национальной атомной компании «Казатомпром». В Казтелерадио я попал по направлению проектирования и строительства цифрового эфирного телевидения. Основное направление моей деятельности – это завершение работы по государственной программе внедрения ЦЭТВ в республике, кроме того это эксплуатация технических направлений, поддержка аналогового вещания, так как оно не везде еще отключено.

- В каких направлениях осуществляет сегодня свою деятельность АО «Казтелерадио»? Какие цели и задачи ставит перед собой?

- Мы работаем над созданием новых услуг, расширения портфеля АО «Казтелерадио». Если говорить о ЦЭТВ, то это только цифровое эфирное телевидение. Сейчас разрабатываем проект по развитию государственного радиовещания в приграничных территориях. У нас есть отдаленные населенные приграничные пункты, не имеющие доступа к нашему отечественному радио, такому как «Шалқар», «Қазақ радиосы», эти села находятся в информационном вакууме. А это напрямую затрагивает информационную безопасность государства, потому что жители, находясь в отдаленных районах, в большинстве своем слушают радио других государств, а это чужая пропаганда и политики. Также одно из основных направлений нашей деятельности – это оптимизация кадрового состава, которую мы проводим в соответствии с исполнением Послания Главы государства, где говорится о сокращении государственного и квазигосударственного сектора.

- Чем обусловлен переход на цифровое эфирное телевидение в Казахстане? В чем его плюсы?

- Технологии развиваются, и наше государство должно идти в ногу со временем. Основная задача в том, чтобы люди получили больше каналов. К примеру, с «аналогом» у селян отдаленных деревень имеется доступ к четырем-пяти каналам. При переходе на цифровое формат их количество увеличится вдвое. В разы улучшится и качество вещания. Если сейчас, допустим, телевизор смотрит программы в аналоговом формате вещания, то картинка будет плохого качества, распылочной, нечеткой. ЦЭТВ – это другой уровень, это HD-формат, где видео, звук отличается высоким качеством, большим количеством каналов. Цифровое эфирное ТВ нивелирует информационное неравенство между городскими и сельскими жителями. И этот доступ к «цифре» абсолютно бесплатный для казахстанцев.

- Когда планируется завершить этот процесс?

- Проект достаточно объемный, начался еще в 2011 году, и сейчас мы подошли к завершающей стадии. Планируем до 2022 года завершить данный проект, и полностью вся Республика, всё население страны будет обеспечено доступом к цифровому телерадиовещанию. На данный момент из 827 радиотелевизионных станций, которые были заложены в проекте, мы построили 529, из них 54 РТС сооружены в текущем году, и 13 планируются ввести в эксплуатацию до конца года. В этой связи в Атырауской и Карагандинской областях сейчас работают две комиссии. Северо-Казахстанскую область мы полностью перевели на цифровой формат. В следующем году намечено завершить строительство 87 РТС, а также начать и завершить строительство 139 новых станций. И в 2022 году останется ввести 40 РТС в Акмолинской области. То есть в 2022 году предполагается завершить этот проект, согласно которому мы должны обеспечить охват «цифрой» не менее 98% населения Республики. На сегодняшний день с учетом построенных РТС охвачено порядка 89% населения.

- Какие технические средства необходимы, чтобы в домашних условиях смотреть телепередачи в digital-формате?

- Есть три технических центра в городах Нур-Султан, Алматы и Уралск. Они поднимают весь контент через спутники РКЦС KazSat-2, KazSat-3. На наших РТС стоят земные спутниковые станции, которые принимают этот контент со спутника и передают его на наземный эфирный передатчик. А люди при этом используют обыкновенную дециметровую антенну. Главное, чтобы их телевизор поддерживал стандарт DVB-T2. А если у кого-то старый телевизор, то необходимо докупить цифровой приемник, он стоит порядка 4-5 тысяч тенге. С помощью этого приемника у населения будет возможность смотреть каналы в цифровом формате.

- Как внедрение ЦЭТВ отразится на жизни населения республики?

- Казахстан, как динамично развивающаяся страна, живёт в духе общемировой технологической эволюции. Это один из основополагающих факторов. Второе, это информационная безопасность. Люди должны смотреть наши каналы, новости, телепередачи, участвовать в общественной жизни государства. Основным источником информации является, на мой взгляд, телевидение. В условиях пандемии, в рамках онлайн-обучения дети имеют возможность заниматься, не выходя из дома, эффективно проводится государственная политика по развитию казахского языка. Населению регулярно доводится информация о санитарных нормах и правилах во время карантина, осуществляется своевременное оповещение, как избежать заражения, убереечь своих близких и т.п. Это 90% происходит через радио и ТВ, постоянные включения, напоминания для людей. Помимо этого, плюсом является высвобождение радиочастот. Например, одна частота в аналоговом вещании – это один телеканал, а в цифровом стандарте мы передаем большее количество каналов на одной частоте. И мы высвобождаем частоты для других нужд в области телекоммуникаций.

- Существуют ли проблемы по реализации проекта ЦЭТВ? В чем они заключаются?

- Определенные трудности есть. Много недобросовестных подрядчиков. Выигрывают тендер, но потом не исполняют свои обязанности по договору. Затем с такими подрядчиками идет претензионно-исковая работа. Это тоже отнимает время. Часто строительство проходит в труднодоступных местах, допустим, в Восточно-Казахстанской области мы должны построить 65 РТС, которые запланированы к постройке в горной местности, в районе Алтая. И сам строительный период очень короткий: с мая по сентябрь. А объектов очень много. Природные условия препятствуют. Но какие бы горы перед нами не стояли, РТС там будет построена.

- Какие перспективы и планы дальнейшего развития телерадиовещания в стране намечает АО «Казтелерадио»?

- Самая глобальная задача – это внедрение ЦЭТВ, потом мы планируем развивать государственное радиовещание. У населения должен быть равноправный доступ к информации. Ни одна организация в стране не имеет такой инфраструктуры по доставке контента, как АО «Казтелерадио». У нас есть ещё такой сервис, как OTT по предоставлению видеослужб через Интернет. В рамках этого сервиса транслируется пакет отечественных и зарубежных телеканалов под брендом GALAM TV. Это мобильное приложение, которое можно установить на смартфон, планшет, телевизоры. В планах у нас также продвижение интернет-вещания в труднодоступных населенных пунктах посредством спутниковой линии связи.

В заключении Жанболат Амантаевич пожелал казахстанцам крепкого здоровья и положительных свершений на пути современных инновационных перемен. Он выразил уверенность, что цифровое эфирное вещание придёт в каждый дом, и у всех жителей страны появится равный доступ к информационному пространству. Он напомнил, что в случае вопросов касательно перехода на ЦЭТВ, граждане могут звонить в АО «Казтелерадио».

ЖҚО-ДА ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ

Елімізде жарияланған төтенше жағдайдан кейін жұмысын бастаған қалалық халыққа қызмет көрсету орталықтарында коронавирус пандемиясына байланысты өзіне-өзі қызмет көрсету секторларының жұмысы шектелген болатын. ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің тапсырмасымен бұл аймақтардың жұмысы 30 қарамадан бастап қайта жанданды.


Бүгінде республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда 137 өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы іске қосылды. Онда азаматтарға кеңес беру үшін мыңнан астам қызметкер тартылды. Келушілер ондағы компьютерлер арқылы керекті анықтамалар мен электронды қызметтерді өз беттеріне ала алады. Өзіне-өзі қызмет көрсету секторындағы ең көп алынатын қызметтерге ЭЦҚ рәсімдеу, соттылықтың болуы/болмауы туралы, наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің есебінде болмау туралы анықтамалар алу, тұрғылықты жер бойынша тіркелу және емханаға тіркелу кіреді.

Естеріңізге сала кетейік, карантин уақыты барысында электронды қызметтерді алу үшін қалалардағы

сауда орындары, жоғары оқу орындары, қала әкімдігі сияқты азаматтар көп баратын жерлерде 700-ден астам егов бұрыштары іске қосылған болатын. Онда компьютері немесе интернет байланысы жоқ азаматтар қажетті анықтамалар мен қызметтерді рәсімдейтін. Аталған бұрыштар өлі де қызметін жалғастыратын болады.

Бұған дейін тегін алуға болатын электронды қызметтерді ақылы түрде ұсынатын мекемелердің жұмысына байланысты азаматтардың шағымы көбейген болатын. Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы олардың жұмысына еш қатысы жоқтығын және анықтамаларды алу үшін бөгде азаматтарға жеке мәліметтерді ұсыну қауіпті екенін ескертеді. Мемлекеттік корпорация қайта жанданған өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында барлық санитарлық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ өздігінен қызмет алушыларға беттерде тағып, арақашықтықты сақтау қажеттігін еске салады.

Сәуле ХАМИДОЛЛА,
«Азаматтарға арналған үкімет»
Ақтөбе облысы бойынша филиалының ресми өкілі.



В ЦОНАХ ВОЗОБНОВИЛИ РАБОТУ СЕКТОРА САОМООБСЛУЖИВАНИЯ

По поручению министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК Бағдат Мусина в центрах обслуживания населения возобновлена работа секторов самообслуживания. Напомним, ранее работа данных секторов, предназначенных для самостоятельного получения электронных госуслуг, в ЦОНах крупных городов и областных центров, была приостановлена в связи с введением карантинных мер.

С апреля месяца казахстанцы могли получать е-услуги самостоятельно на портале egov.kz, в мобильном приложении egovmobile и телеграм-боте eGovKzBot2.0. Кроме того, по всей республике для удаленного получения государственных услуг было открыто более 700 уголков egov.kz. Они функционируют в зданиях акиматов, торгово-развлекательных центрах, библиотеках, учреждениях образования и здравоохранения и т.д.

При этом электронные госуслуги в ЦОНах могли получить лица с ограниченными возможностями, пенсионеры и члены многодетных семей. Для них в каждом отделе функционировали льготные окна.

С возвращением секторов самообслуживания любой гражданин может получить электронные госуслуги в здании ЦОН самостоятельно без бронирования очереди. Сохраняется требование по соблюдению масоч-

ного режима и социальной дистанции. В настоящее время возобновлена работа секторов в 137 ЦОНах Казахстана. В них уже организовано более тысячи ста рабочих мест. Для консультирования граждан выделено около трехсот специалистов госкорпорации. При этом продолжают работать уголки egov.kz вне зданий ЦОН.

Напомним, самими востребованными е-услугами среди казахстанцев являются: получение электронно-цифровой подписи, выдача справок о наличии/отсутствии судимости, справка из психо-/нарко диспансеров, онлайн регистрация по месту жительства, прикрепление к медицинской организации и т.д.

Госкорпорация «Правительство для граждан» дополнительно сообщает, что ТОО и ИП, предлагающие помощь в получении электронных государственных услуг за денежное вознаграждение, никакого отношения к деятельности госкорпорации не имеют и являются субъектами частного предпринимательства. Передавая им свою электронно-цифровую подпись, вы рискуете оказаться жертвой мошенников.

Будьте бдительны! Соблюдайте правила хранения ЭЦП и получайте услуги самостоятельно у себя дома либо в секторах самообслуживания в ЦОН.

Сауле ХАМИДОЛЛА,
PR-менеджер.

Ойыл ауданы әкімдігі мен аудандық мәслихаты, Сарбие ауылдық округінің әкімдігі мен ауылдық ардагерлер кеңесі аудан әкімінің Сарбие ауылдық округі бойынша қоғамдық кеңесшісі, еңбек ардагері Мұхит Керейұлына ағасы

Мақсат Балғыновтың

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, ағайын-туыстарына көңіл айтады.

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі, аудандық кәсіподақ ұйымы «Ойыл ауданының психологиялық-педагогикалық түзетім кабинеті» КММ ұжымы осы мекеменің меңгерушісі Айжан Ақжарыққызы Алманиязоваға ағасы

Сардар Ақжарықұлының

қайтыс болуына байланысты анасына, отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жаннат, иманы жолдас болсын!

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі, аудандық кәсіподақ ұйымы және Құрман орта мектебінің ұжымы осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Низзова Риманың ағасы және математика пәні мұғалімі Сансызбаева Ғүлбаршының қайынысы

Ысымов Әлібектің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасына және туыстарына көңіл айтады.

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі, аудандық кәсіподақ ұйымы және Екпетап мектеп-балабақшасының ұжымы осы мектептің тәлімгері Қырылдақова Әйгерім Жаймырзаққызына әкесі

Жаймырзаның

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасына және туыстарына көңіл айтады.

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі, аудандық кәсіподақ ұйымы және Кесембай негізгі мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі

Изенов Серік Кенжебайұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасына және туыстарына көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының Қойбағаровтар егулетіне аяулы баласы

Төлегеннің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл балалар жасөспірімдер спорт мектебі» және кәсіподақ ұйымы осы мектептің қызметкерлері Қойбағаров Жанатқа, Махатов Нұрсұлтанға, Атыраубаева Жаңылдыққа бауырлары

Төлегеннің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.